**Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2020 жылға арналған субсидиялар көлемдерін бекіту туралы**

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 17 наурыздағы № 87 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 19 наурызда № 6806 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 7-бабы 2-тармағының 18) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде нөмірі 18404 болып тіркелген) бұйрығын іске асыру мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің келісімі негізінде Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2020 жылға арналған субсидиялар көлемдері осы қаулының 1, 2 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 18.09.2020 № 334 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

2. Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроөнеркәсіп кешені мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

*Шығыс Қазақстан облысының әкімі* *Д. Ахметов*

Шығыс Қазақстан
облысы әкімдігінің
2020 жылғы 17 наурыздағы
№ 87 қаулысына қосымша

# Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес өтінімдер бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2020 жылға арналған субсидиялардың көлемдері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 21.12.2020 № 436 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

| № | Субсидиялау бағыты | Өлшем бірлігі | 1 бірлікке арналған субсидиялар норматив-тері, теңге | Жергілікті бюджет | | Республикалық бюджет | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Субсидия-ланатын көлем | Субсидиялар көлемі, мың теңге | Субсидия-ланатын көлем | Субсидиялар көлемі, мың теңге |
| Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы | | | | | | | |
| 1. | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу: | | | | | | |
| 1) | ірі қара малдың тауарлық аналық басы | бас / шағылыстыру маусымы | 10 000 | 174 290 | 1 742 900,000 | | |
| 2) | ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы | | 20 000 | 46 000 | 920 000,000 | | |
| 2. | Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу | бас / шағылыстыру маусымы | 100 000 | 3 853 | 385 300,000 | | |
| | Отандық асыл тұқымды ірі | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3. | қара мал сатып алу | сатып алынған бас | 150 000 | 7 752 | 1 162 800,000 | 2 083 | 312 450,000 |
| 4. | Шетелдік асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу | | 225 000 | 1 268 | 285 300,000 | | |
| 5. | Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылау үшін өткізілген немесе ауыстырылған бұқашықтардың құнын арзандату | тірідей салмағының килограмы | 200 | 1 180 127 | 236 025,400 | | |
| 6. | Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдары үшін бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату | қосқан салмағының килограмы | 200 | 262 584 | 52 516,800 | | |
| | Барлығы: | | | | 4 784 842,200 | | 312 450,000 |
| Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы | | | | | | | |
| 1. | Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасының ұрығын сатып алу: | | | | | | |
| 1) | бір жынысты | сатып алынған доза | 10 000 | 220 | 2 200,000 | | |
| 2) | қос жынысты | | 5 000 | 7 302,8 | 36 513,820 | | |
| 2. | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу: | | | | | | |
| 1) | отандық немесе ТМД елдерінен әкелінген шетелдік | сатып алынған бас | 150 000 | 130 | 19 500,000 | | |
| 3. | Сүт өндіру құнын арзандату: | | | | | | |
| 1) | бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылықтар | | 35 | 16 297 607 | 570 416,245 | | |
| 2) | бағымдағы сиырларының саны 400 бастан | | 20 | 14 270 000 | 285 400,000 | | 24 906,660 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | басталатын шаруашылықтар | өткізілген немесе өңделген килограмм | | | | 1 245 333 | |
| 3) | бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылықтар | | 10 | 5 190 043 | 51 900,430 | | |
| 4) | ауыл шаруашылығы кооперативі | | 10 | 2 702 236 | 27 022,360 | | |
| | Барлығы: | | | | 992 952,855 | | 24 906,660 |
| Етті құс шаруашылығы | | | | | | | |
| 1. | Ата-енелік/ ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу | сатып алынған бас | 600 | 93 132 | 55 879,200 | | |
| 2. | Құс етін өндіру құнын арзандату: | | | | | | |
| 1) | 15 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс | өткізілген немесе өңделген килограмм | 80 | 12 550 000 | 1 004 000,000 | 5 992 658 | 479 412,640 |
| 2) | 5 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс | | 60 | 6 260 000 | 375 600,000 | 868 687 | 52 121,220 |
| | Барлығы: | | | | 1 435 479,200 | | 531 533,860 |
| Шошқа шаруашылығы | | | | | | | |
| 1. | Шошқалардың аналық және шошқа басын толықтыратын басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу | бас/ шағылысу маусымы | 40 000 | 2 507 | 100 280,000 | | |
| | Барлығы: | | | | 100 280,000 | | |
| Қой шаруашылығы | | | | | | | |
| 1. | Асыл тұқымды қойлар сатып алу | сатып алынған бас | 8 000 | 8 000 | 64 000,000 | | |
| | Барлығы: | | | | 64 000,000 | | |
| Жылқы шаруашылығы | | | | | | | |
| | Өнімді бағыттағы асыл | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу | сатып алынған бас | 100 000 | 100 | 10 000,000 | | |
| 2. | Бие сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату | килограмм | 60 | 56 380 | 3 382,800 | | |
| | Барлығы: | | | | 13 382,800 | | |
| | Жиыны сома: | | | | 7 390 937,055 | | 868 890,520 |

Шығыс Қазақстан
облысы әкімдігінің
2020 жылғы 18 қыркүйегі
№ 334 қаулысына 2 қосымша

# Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 шілдедегі № 229 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" бұйрығы қолданысқа енгізілгеннен кейін өтінімдер бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2020 жылға арналған субсидиялардың көлемдері

Ескерту.Қаулы 2 қосымшамен толықтырылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 18.09.2020 № 334 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 21.12.2020 № 436 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

| № | Субсидиялау бағыты | Өлшем бірлігі | 1 бірлікке арналған субсидиялар норматив-тері , теңге | Жергілікті бюджет | | Республикалық бюджет | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Субсидия-ланатын көлем | Субсидиялар көлемі, мың теңге | Субсидия-ланатын көлем | Субсидиялар көлемі, мың теңге |
| Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы | | | | | | | |
| 1. | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу: | | | | | | |
| 1) | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы | бас / шағылыстыру маусымы | 15 000 | | | 4 664 | 69 960,000 |
| 2. | Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті тұқымдардың асыл тұқымды | бас / шағылыстыру маусымы | 100 000 | 80 | 8 000,000 | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | тұқымдық бұқасын күтіп-бағу | | | | | | |
| 3. | Етті, етті-сүтті тұқымдардың отандық асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу | сатып алынған бас | 150 000 | | | 1 445 | 216 750,000 |
| 4. | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу: | | | | | | |
| 1) | отандық | сатып алынған бас | 150 000 | 1 563 | 234 450,000 | 4 316 | 647 400,000 |
| 2) | Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Украина елдерінен импортталған | | 225 000 | | | 299 | 64 089,270 |
| 5. | Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне 50 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарына өткізілген немесе ауыстырылған бұқашықтардың құнын арзандату | тірідей салмағының килограмы | 200 | 75 498 | 15 099,600 | 180 776 | 36 155,200 |
| | Барлығы: | | | | 257 549,600 | | 1 034 354,470 |
| Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы | | | | | | | |
| 1. | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу: | | | | | | |
| 1) | отандық | сатып алынған бас | 200 000 | 3 | 600,000 | | |
| 2) | Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Украина елдерінен импортталған | | 225 000 | 162 | 36 450,000 | | |
| 3) | Аустралия, АҚШ, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа елдерінен импортталған | | 400 000 | 192 | 76 800,000 | | |
| 2. | Сүт өндіру құнын арзандату: | | | | | | |
| 1) | бағымдағы сиырларының саны 600 бастан | | 45 | 1 959 086,6 | 88 158,900 | | 735 002,790 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | басталатын шаруашылықтар | | | | 16 333 395,3 | |
| 2) | бағымдағы сиырларының саны 400 бастан басталатын шаруашылықтар | өткізілген немесе өңделген килограмм | 30 | 550 000 | 16 500,000 | 8 145 886,3 | 244 376,590 |
| 3) | бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылықтар | | 20 | 726 836 | 14 536,720 | 2 042 778 | 40 855,560 |
| 4) | ауыл шаруашылығы кооперативі | | 20 | 1 666 401,25 | 33 328,025 | 1 559 537,75 | 31 190,755 |
| | Барлығы: | | | | 266 373,645 | | 1 051 425,695 |
| Етті құс шаруашылығы | | | | | | | |
| 1. | Ата-енелік/ ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу | сатып алынған бас | 600 | 90 267 | 54 160,200 | | |
| 2. | Құс етін өндіру құнын арзандату: | | | | | | |
| 1) | 15 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс | өткізілген немесе өңделген килограмм | 80 | | | 12 507 342 | 1 000 587,360 |
| 2) | 5 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс | | 60 | | | 4 576 059,3 | 274 563,560 |
| | Барлығы: | | | | 54 160,200 | | 1 275 150,920 |
| Шошқа шаруашылығы | | | | | | | |
| 1. | Шошқалардың аналық және шошқа басын толықтыратын басы мен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу | бас / шағылысу маусымы | 40 000 | 110 | 4 400,000 | | |
| | Барлығы: | | | | 4 400,000 | | |
| Қой шаруашылығы | | | | | | | |
| | Шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде қойлардың аналық | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау | ұрықтанды-рылған бас/шағылыс-тыру маусымы | 1 500 | 13 319 | 19 978,500 | | |
| 2. | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу: | | | | | | |
| 1) | қойлардың асыл тұқымды аналық басы | бас / шағылысу маусымы | 4 000 | 43 750 | 175 000,000 | 69 157 | 276 628,000 |
| 2) | қойлардың тауарлық аналық басы | | 2 500 | 51 068 | 127 670,000 | 123 749 | 309 372,500 |
| 3. | Асыл тұқымды қойлар сатып алу | сатып алынған бас | 15 000 | 10 000 | 150 000,000 | 8 470 | 126 177,895 |
| | Барлығы: | | | | 472 648,500 | | 712 178,395 |
| | Жиыны сома: | | | | 1 055 131,945 | | 4 073 109,480 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК